

ӘОЖ 81'373; 001.4; МҒТАР 16.21.47
<https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.281>

А. БИСЕНҒАЛИ¹, С. ҚҰЛМАНОВ², А. ОМАРОВА³

¹PhD, e-mail: sarestek@gmail.com

²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, e-mail: k.k.sarsen@mail.ru

³PhD докторант, e-mail: awonai_jany@mail.ru

^{1,2,3}А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ КОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Берілген мақалада қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа сөз қолданыстарының негізінде жатқан когнитивтік механизмдер талданады. Жұмыста жаңа сөз тіркестерінің қалыптасуының когнитивтік негіздерін зерттеу, сондай-ақ осы тілдердегі жаңа терминдер мен ұғымдарды қабылдау және бейімдеу ерекшеліктерін анықтау мәселелері қарастырылады. Жұмыстың мақсаты – түркі тілдеріндегі жаңа лексикалық бірліктерді интерпретациялау және меңгеру үдерісіне мәдени факторлардың когнитивтік ықпалын анықтау. Когнитивтік аспектілер ойлау тәсілдерін, ақпаратты концептуализациялау және категориялау үдерістерін қамтиды, жаңашылдықты қабылдауды қалыптастырады. Ал мәдени аспектілер тарихи дәстүрлермен, ұлттық санамен және кірме сөздерді қабылдауға әсер ететін әлеуметтік көзқарастармен байланысты көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі сыртқы факторлардың әсерінен тілдік трансформацияларға деген қызығушылықтың артуымен байланысты. Жаһандану және цифрлық өзгерістер жағдайында тілдің мәдени бірегейлігін сақтай отырып, икемділікті қамтамасыз ету қажеттілігі артуда. Қазіргі қазақ және түрік тілдерінің осы сын-қатерлерге қалай бейімделетінін, шет тілінен енген сөздердің интеграциясы қалай жүретінін әрі қандай когнитивтік тәсілдер қолданылатынын түсіну маңызды. Технологиялық және мәдени ілгерілеудің қарышты дамуы, сонымен қатар тілдік өзгерістердің қарқынды жүруі мақаланың өзектілігін арттырады.

Алынған нәтижелер лингвистерге, этнографтарға, мәдениеттанушыларға, сондай-ақ тілдерді қолдау мен дамыту бағытында жұмыс істейтін ұйымдарға пайдалы әрі сұранысқа ие болуы мүмкін. Зерттеу мәдениетаралық өзара әрекеттесу және жаһандық алмасу жағдайында тілдік бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін факторларды тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Кілт сөздер: жаңа қолданыстар, кірме сөздер, концепт, жаһандану, қазақ тілі, түрік тілі.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Бисенғали А., Құлманов С., Омарова А. Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың когнитивтік негіздері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 146–159. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.281>

*Cite us correctly:

Bisengali A., Qulmanov S., Omarova A. Qazirgi qazaq zhane turik tilderindegi zhana qoldanystardyn kognitivtik negizderi [Cognitive Foundations of New Usages in Modern Kazakh and Turkish Languages] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – Б. 146–159. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.281>

A. Bissengali¹, S. Kulmanov², A. Omarova³¹PhD, e-mail: sarestek@gmail.com²Candidate of Filological Sciences, Associate Professor, e-mail: k.k.sarsen@mail.ru³PhD Doctoral Student, e-mail: awonai_jany@mail.ru^{1,2,3}A. Baitursynov Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)**Cognitive Foundations of New Usages in Modern Kazakh and Turkish Languages**

Abstract. The article analyzes the cognitive mechanisms underlying innovative usages in contemporary Kazakh and Turkish languages. The main focus is on examining the cognitive foundations of newly formed word combinations and identifying the specific features of how new terms and concepts are perceived and adapted in these languages. The aim of the study is to determine the influence of cognitive and cultural factors on the interpretation and assimilation of new lexical units in Turkic languages. Cognitive aspects include modes of thinking, processes of conceptualization, and information categorization that shape the perception of novelty. Cultural aspects reflect the connection to historical traditions, national identity, and social values that affect the acceptance of borrowed lexemes.

The relevance of the study is driven by the growing interest in language transformations caused by external influences. In the context of globalization and digitalization, there is an increasing need for language flexibility while preserving cultural uniqueness. It is essential to understand how modern Kazakh and Turkish languages respond to these challenges, how borrowed lexemes are integrated, and what cognitive strategies are employed in the process. This research is particularly timely given the backdrop of rapid technological and cultural development, which drives significant linguistic changes.

The findings may be of interest to linguists, ethnographers, cultural studies scholars, as well as institutions and organizations involved in language preservation and development. The study contributes to a deeper understanding of the factors influencing the formation of linguistic identity within the context of intercultural interaction and global exchange.

Keywords: new usages; borrowings; concept; globalization; Kazakh language; Turkish language.

А. Бисенгали¹, С. Кулманов², А. Омарова³¹PhD, e-mail: sarestek@gmail.com²кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, e-mail: k.k.sarsen@mail.ru³PhD докторант, e-mail: awonai_jany@mail.ru^{1,2,3}Институт языкознания имени А. Байтурсынова (Казахстан, г. Алматы)**Когнитивные основы новых словоупотреблений
в современных казахском и турецком языках**

Аннотация. В данной статье анализируются когнитивные механизмы, лежащие в основе новых словоупотреблений в современном казахском и турецком языках. Основной акцент сделан на исследовании когнитивных основ формирования новых словосочетаний, а также на выявлении особенностей восприятия и адаптации новых терминов и понятий в этих языках. Цель работы — определить влияние когнитивных и культурных факторов на процесс интерпретации и усвоения новых лексических единиц в тюркских языках. Когнитивные аспекты включают способы мышления, процессы концептуализации и категоризации информации, которые формируют восприятие новизны. Культурные аспекты отражают связь

с историческими традициями, национальным самосознанием и социальными установками, влияющими на принятие заимствованных слов.

Актуальность исследования обусловлена возросшим интересом к языковым трансформациям под воздействием внешних факторов. В условиях глобализации и цифровых изменений возрастает необходимость гибкости языка при сохранении его культурной уникальности. Важно понять, каким образом современные казахский и турецкий языки адаптируются к этим вызовам, как происходит интеграция заимствованных лексем и какие когнитивные подходы при этом применяются. Работа особенно актуальна в контексте стремительного технологического и культурного прогресса, сопровождающегося интенсивными языковыми изменениями.

Полученные результаты могут быть востребованы лингвистами, этнографами, специалистами в области культурологии, а также организациями, занимающимися поддержанием и развитием языков. Исследование способствует более глубокому осмыслению факторов, определяющих формирование языковой идентичности в условиях межкультурного взаимодействия и глобального обмена.

Ключевые слова: новые словоупотребления; заимствования; концепт; глобализация; казахский язык; турецкий язык.

Кіріспе

Соңғы кездері түркі тілдерінде жаһандану мен технологиялық ілгерілеу әсерінен айтарлықтай өзгерістер туындап отыр. Бұл әлемдегі бүкіл тілдерге тән құбылыс екендігі аян. Демек, қазақ және түрік тілдері де жаңаша белгіленген талап-міндеттерге сай қазіргі жағдайға бейімделу үстінде. Терминдерді қабылдау және жаңа сөздерді мәдени және тілдік ортаға бейімдеу үдерістері осы тілдердің даму бағытындағы ажырамас бөлікке айналып отыр. Осы тілдердегі лексикалық кірме сөздердің ерекшеліктері мен жаңа сөздердің қалыптасуы әрбір тілдің әлеуметтік-саяси контекстін көрсететін когнитивті және мәдени факторларға байланысты болып табылады. Қазақ және түрік тілдерінің лексикалық ерекшеліктерін қалыптастыруда тарихи, мәдени және әлеуметтік болмыс маңызды рөл атқарады. Қазақ тіліне орыс және ағылшын тілдерінің ықпалы әлі де болса басым екендігі белгілі, дегенмен соңғы кездері төл терминдер жасау және байырғы лексиканы қайта жаңғырту арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға деген ұмтылыс байқалады [1].

Түрік тілін зерттеуші профессорлар Шүкрү Халук Акалин және Мұстафа Самет Куманлы Ататүріктің тіл реформасының мақсаты түрік тілінің сұлулығын ашу және оның әлем тілдері арасындағы маңыздылығына қол жеткізу деп тұжырымдай келе, осы мақсатты жүзеге асыру үшін шетелдік элементтер болып саналатын араб және парсы кірме сөздері ұлттық тіл жүйесін нығайтуға ықпал еткен байырғы түркілік терминдермен ауыстырылды деп атап өткен [2].

Тілде жаңа сөздер мен мағыналардың жасалуы мен қолданылуына әсер ететін ментальдік үдерістер мен тетіктер жаңа сөзқолданыстарының когнитивті негіздерін құрайды. Бұл негіздер адамның қоршаған әлемді қалай қабылдайтынына және ақпаратты өңдеуіне байланысты. Категориялау, ассоциация, метафоралық ойлау және ұқсастықтар тәрізді когнитивті үдерістер арқылы адам өзіндік тәжірибесінде жаңа құбылыстар мен бұрыннан қолданыста бар ұғымдар арасындағы байланысты аңғарады. Бұл үдерістер оған бұрыннан белгілі семантикалық құрылымдарға сүйене отырып, жаңа сөздер жасауға және қолдануға мүмкіндік береді [3].

Осылайша, жаңа сөзқолданыстардың когнитивті негіздері жаңа құбылыстар мен ұғымдарды бұрыннан таныс және түсінікті тілдік формаларға аудару арқылы адамдардың

қоршаған әлемді қалай қабылдауы, өңдеуі және түсінуі негізінде қалыптасады. Мұнда жаңа лексикалық бірліктердің қалыптасуына және қолданыстағы ұғымдардың мағыналарының өзгеруіне жаһандану үдерісінің, мәдени өзгерістердің және технологиялық ілгерілеудің тигізетін ықпалын талдауға баса назар аударылады. Зерттеу үш аспектіні қамтиды: шетелдік кірме сөздер, оларды бейімдеу жолдары және жаңа ұғымдарға атау беру үшін төл баламалар жасау. Қазақ тілінде кірме сөздерді транслитерациялау және морфологиялық бейімдеу арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған тілдік жаңғырту саясатының ықпалы орасан. Ал түрік тілінде, керісінше, калькалауға және түпнұсқалық төл баламаларды табуға деген тырысушылық басым, бұл тілді кірме сөздерден «арыртуға» бағытталған ертеден келе жатқан тіл саясатын көрсетеді. Мұндай Орталық Азия (қазақ) және Таяу Шығыс (түрік) тілдерін біріктіретін зерттеулердің өте сирек жүргізілетінін баса атап өткен жөн. Сондай-ақ жұмыс қарастырылып отырған әр тілдегі кірме сөздерді қабылдаудың когнитивтік тетіктерін айқындауды негізге алады. Бұл өз кезегінде жалпы түркі әлемінде жаһандану мен мәдени құндылықтардың жаңа когнитивтік категориялар мен тілдік бірліктердің қалыптасуына ықпал ету арқылы өзара ықпалдасатындығын көруге мүмкіндік береді. Жаңа тілдік қолданыстардың когнитивтік негіздерін зерттеу аталған тілдер иелмендерінің туындап отырған заманауи мәдени және технологиялық шынайы болмысты қабылдау және пайымдай білу деңгейін түсінуге септігін тигізеді. Сонымен қатар зерттеуде жаңа ұғымдарды бейімдеу барысында қолданылатын тілдік тетіктердің түрлері және олардың ұлттық діл мен дүниетанымды бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктері айқындалады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеуге қажетті тілдік материалдар 2000-2025 жылдар аралығында қазақ және түрік тілдерінде жарық көрген «Егемен Қазақстан», «Ана тілі»; «Hürriyet», «Sabah» газеттері тәрізді мерзімді баспасөз беттерінен жиналды. Зерттеу материалына қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа сөздерді және олардың қолданылуын талдау; зерттеліп отырған тілдерде жаңа терминдер жасау стратегияларын салыстыру; қазіргі газеттер мен мерзімді басылымдардың мәтіндерін талдау негізінде лексикалық өзгерістерді зерттеу қамтитын 2000-дай термин, терминдік тіркес пен терминдік қолданыстар негіз болды және анықтамалық ретінде «Қазақ сөздігі» мен «Салалық терминдердің түсіндірме сөздігі» алынды.

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізі қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа сөздерді қабылдау және бейімдеу үдерістерін айқындауға мүмкіндік беретін когнитивтік-лингвистикалық және салыстырмалы талдау тәсілдерін негізге алады.

Материалды зерделеу кезінде сипаттамалық, құрылымдық-семантикалық әдістер, салыстырмалы әдіс, талдау, жіктеу, статистикалық (қарастырылып отырған терминологиядағы лексикалық бірліктердің санын анықтау үшін) және сөздіктен терминдерді іріктеу дискурстағы жаңа сөздерді қабылдау, қолдану және мағыналық жүктеме ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған когнитивтік-лингвистикалық талдау, қабылданған сөздердің бейімделу тетіктеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды және мәдени факторлардың әсерін анықтауға мүмкіндік беретін салыстырмалы талдау, жаңа лексикалық бірліктердің қолданылуын және олардың семантикалық ерекшеліктерін тіркеуге мүмкіндік беретін газет мақалаларының мазмұнын талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу 2020-2025 жылдар аралығында қазақ, түрік бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған жаңалықтар сипатындағы мақалаларды талдауға негізделген. Зерттеудің дереккөздік базасы мыналарды қамтиды: қазақ газеттері: «Егемен Қазақстан» (<https://egemen.kz>), «Ана тілі» (<https://anatili.kazgazeta.kz>); түрік газеттері: «Hürriyet» (<https://www.hurriyet.com.tr>), «Sabah» (<https://www.sabah.com.tr>).

Әдебиетке шолу

Жаңа сөзжасам мен оның когнитивті аспектісі мәселелерін Н.М. Шанский [4], А.А. Уфимцева [5], В.А. Маслова [6], Т.В. Попова [7], Н.З. Котелова [8], В.И. Заботкина [9], С.И. Тогоева [10], А. Вежбицкая [11], В.Н. Телия [12], Е.С. Кубрякова [13] және тағы да басқа көптеген ғалымдар қарастырды.

Қазақ тіл біліміндегі жаңа ұғымдарға атау беру мәселесіне және ұлттық сөздердің когнитивтік аспектілерін қалыптастыруға байланысты өзекті мәселелерді зерттеуге Ә. Қайдар [14], Р. Сыздық [15], Ө. Айтбаев [16], А. Алдашева, К. Қадырқұлов және басқа да ғалымдар елеулі үлес қосты.

1990 жылдардан бастап қазақстандық ғалымдар тілдің танымдық үдерістермен, әлемнің концептуалдық бейнесімен және мәдени ерекшеліктерімен байланысын талдай отырып, оны лингвокогнитивтік көзқарас тұрғысынан зерттей бастады. Мұндай зерттеушілердің қатарында: Г.Г. Гиздатов [17], Э.Д. Сүлейменова, Ж.А. Манкеева [18], А. Жаманбаева [19], Ж.Ж. Есеналиева [20], Б. Қасым [21], Қ. Айдарбек [22], Э. Оразалиева, С. Исақова, Н. Аитова [23] және басқалар бар.

Түрік тілінің терминологиялық қорын қалыптастыру және реттеу мәселелері түрік және өзге шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды, олардың ішінде мынандай зерттеушілерді – З. Коркмаз [24], Т. Текин [25], Х. Зюльфикар [26], А.Б. Эрджиласун [27], С. Экер [28] және т.б. атап өтуге болады. Олардың еңбектері тілдің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерін, кірме сөздерді қабылдау үдерістерін, когнитивті лингвистиканы және тіл саясатын қоса алғанда, ауқымды мәселелер аясын қамтиды.

Талдау мен нәтижелер

Алайда, жоғарыда аталған зерттеулерге қарамастан, болашақта зерттеуді қажет ететін аспектілер де жетерлік. Бұл зерттеу жұмысы кірме сөздердің когнитивтік стратегиялары мен олардың заманауи дискурсивтік тәжірибелердегі қолданылуын талдау арқылы аталған ғылыми олқылықтың орнын толтыруды мақсат етеді. Сондықтан кірме сөздерді бейімдеу стратегиясындағы жалпы мәселелер мен ерекшеліктерге төменде жеке-жеке тоқталуды жөн көрдік.

Кірме сөздер стратегиясындағы жалпы мәселелер

Д.Ж. Арынбаева «Мәдениеттердің өзара диалогы қарқындаған бүгінгі заманда ұлт атаулының әрбірі өз болмыстарындағы даралықтарын тілдегі бірліктер көмегімен айқындауға және танытуға ден қойғандықтан, тіл тек «қатынас құралы» болумен шектелместен, қарапайым сипаттаушылық пен ойды білдіру қызметіне қоса ұлттық кодты сақтауға және тасымалдауға, этномәдени танымдық қызметтерді қоса атқаруға бейімделуде» [29] деп атап көрсеткендей, әрбір тіл кірме сөздерді өзінің когнитивтік стратегияларына сәйкес бейімдейді. Түркі тілдеріндегі кірме сөздердің жалпы танымдық стратегиялары төмендегідей:

Фонетикалық бейімдеу: кірме сөздер тілдің фонетикалық жүйесіне сәйкес өзгертіледі. Мысалы, көптеген түркі тілдерінде [f] және [v] дыбыстары кездеспейді, сондықтан кірме сөздер [p] немесе [b] дыбыстарына ауыстыру арқылы бейімделеді. Мысалы: арабша *faiz* → түрікше *faiz* → қазақша *пайыз*.

Морфологиялық бейімдеу: кірме сөздер түркі тілдеріне енгенде сол тілдің грамматикалық жүйесіне бейімделіп, тиісті жалғаулармен түрленеді. Мысалы: *параметрлердің инварианттылығы, сапа факторы, жарық конусы сияқты* тіркестерде шет тілдік бірліктерге түркі жалғаулары жалғанып, сол арқылы олар тілге еніп кеткен.

Калькалау: терминді тікелей аудару. Мысалы, орыс тіліндегі «программное обеспечение» термині қазақ тіліне *бағдарламалық қамтамасыз ету* деп аударылып жүр,

дұрысы – *бағдарламалық жасақтау*. Тағы бір мысал: банк саласында қолданылатын «водяной знак» термині кейде қазақ тіліне *су белгісі* деп сөзбе-сөз аударылып жүр. Алайда Терминком 2016 жылы бұл терминге дұрыс нұсқа ретінде банк терминологиясына сай *сәулебелгі* атауын бекітті.

Сөзжасам арқылы лексикалық бейімдеу: жаңа ұғымдарды атау барысында тілдің байырғы төл түбірлері мен дәстүрлі сөзжасам үлгілеріне сүйене отырып, мағынасы жағынан сәйкес жаңа бірліктер жасау. Мысалы, «браузер» – *шолғыш*, «миротворчество» – *бітімгерлік*, «арбитраж» – *төрелік*, «аналитик» – *талдамашы*, «аутентификация» – *сәйкестендірме*, «презентация» – *тұсаукесер*, «пьедестал» – *тұғыр*, т.б.

Кіріме сөздер стратегиясындағы ерекшеліктер

Қазақ тілі басқа тілдердің (негізінен орыс және ағылшын тілдері) күшті ықпалына қарамастан, халықтың мәдени және танымдық ерекшеліктерін көрсететін төл терминдер жасай отырып, жаңару қабілетін көрсетеді. Мысалы, бужирование – *сұмбілеу*, перикард – *жүрекқап*, пиноцитоз – *сұйықжұту*, ходатайство – *өтінішхат*, черная пятница – *жомарт жұма*, люстра – *аспашам*, трапедия – *бестабан*, развязка – *жолайрық*, датчик – *сездіргі*, пилотный проект – *қанатқақты жоба*, т.б.

Орыс тіліндегі «пилотный проект» термині «жаңа бастама, басталып жатқан, сынақтан өтетін жоба» деген мағынаны білдіреді. Бұл терминнің қазақ тіліне *қанатқақты жоба* деп аударылуы «құстың алғаш рет ұшуға әрекет жасауы» деген мағынамен тұспа-тұс келеді. Терминнің құспен не оның балапанымен ешқандай байланысының болмауына қарамастан, жаңа жобаны «ұшуды енді үйреніп келе жатқан балапанмен» байланыстырып метафоралау жаңа қолданыстардағы қазақи танымның тамаша үлгісі бола алады.

Орыс тіліндегі «датчик» терминің анықтамасы мынадай: «қоршаған ортадан (жарық, қысым, дыбыс, температура, т.б.) ақпаратты қабылдайтын, яғни сезетін және оны сигналға айналдыратын құрылғы» (<https://slovarozhegova.ru/word.php?wordid=6017>). Бұл термин қазақ тілінде *сездіргі* деп қолданылып жүр. Түбірі – сезу. Құрылғы атауының «сезу» етістігі арқылы берілуі сол құрылғының атқаратын жұмысына, қызметіне, яғни құрылғының ортадан сигнал алу қабілетімен байланысты. Бір сөзбен айтқанда, *сездіргі* атауы «сезу» деп аталатын түйсік әрекетін техникалық құрылғыға телу, яғни адам сияқты ортадан ақпарат «сезетін» құрал деп бейнелеуден пайда болған.

Орыс тіліндегі «люстра» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүрген *аспашам* атауының да өзіндік когнитивтік уәжі бар. Қазақ тіліндегі «аспа» сөзі «бір нәрсені асып, іліп қоятын ағаш, жіп» деген мағынаны білдіреді (Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь». 1997. – 368 б.). Ал сын есім ретінде «ілулі» сөзінің синонимі ретінде қолданылады (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.). «Люстра» дегеннің «Әдетте бөлме төбесінің ортасына ілінетін, бірнеше лампалардан тұратын жарықтандыру құрылғысы» екені белгілі (Қазақ тілінің кіріме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова, Б. Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.). Демек, бұл құрылғының қазақ тіліндегі атауы оның орналасқан жеріне, орналасу күйіне байланысты болып отыр. «Люстра» әрдайым төбеде, яғни жоғарыда орналасады, оның жарығы жоғарыдан төменге қарай тарайды. Сәйкесінше, қазақ тіліндегі «аспа» сөзі кеңістіктің жоғары жағына бекітілген, ілінген заттарды білдіреді. Осы екі ұғымды біріктіру арқылы жасалған *аспашам* – адамның кеңістіктік және функционалдық танымымен дәл сәйкеседі.

«Браузер» сөзін алмасатыратын *шолғыш* сөзі; Narakeet – мәтінді дауыстап оқуға арналған онлайн бағдарлама, оны кез келген веб-*шолғыштан* пайдалануға болады (<https://www.narakeet.com/languages/kazakh-text-to-speech-kz/>). Шол түбірі тілімізде жеке

тұрып та, тіркестік сыңар ретінде де жиі қолданылады: «шолу, шолып шығу». «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 14-томында бұл атауға мынандай анықтамалар берілген: 1. белгілі бір нәрсені қашықтан бақылау, байқау; 2. қарау; 3. жіті көзбен қарау, бір нәрсе немесе оқиға жайында ойлана қарау. Бұл жаңа сөзді тез қабылдауға ықпал етеді, өйткені ол әдепкі когнитивтік модельге негізделген. Бұл сөз интернеттегі серфинг үдерісіне сәйкес келетін зерттеу әрекетімен ұқсастықты туындатады. *Шолғыш* сөзі қосымша түсіндіруді қажет етпейді. Пайдаланушы мұның шолу немесе тексеру құралы туралы екенін бірден ұғады. Бұл қолданыстың уәжі түсінікті әрі қазақы тілдік дәстүрлерге сәйкес. Осылайша, *шолғыш* жаңа қолданысы өзінің морфологиялық дұрыстығына, семантикалық айқындылығына және қазақ тілі иелмендері үшін танымдық айқындылығына байланысты «браузер» сөзіне сәтті баламаға айналды.

Түрік тілі кірме сөздердің ықпалын шектеу арқылы төл терминдерін белсенді қалыптастыру үстінде. Бұл үдерістің тарихи тамыры терең және жаһандану кезеңіндегі ағылшын тілі тәрізді халықаралық тілдер үстемдігіне ұшырап отырғанына қарамастан, қазіргі жағдайда да жалғасып жатыр. Бірегей төл терминдерді құру идеясы 1928 жылы Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған тіл реформасы (*Dil devrimi*) кезеңінен бастау алғаны белгілі. Реформаның басты мақсаттарының бірі – осман тілінде үстемдік еткен араб және парсы кірме сөздерін жою болды. Реформа аясында Түрік лингвистикалық қоғамы (*Türk Dil Kurumu*) құрылды, ол тілді жаңғырту, грамматиканы жеңілдету және түрік түбірлеріне негізделген жаңа сөздер жасаумен белсенді түрде айналысады [30].

Мәселен, «computer» сөзінің орнына *bilgisayar* сөзі қолданылады – *Yeni vergi oranları, otomobiller, bilgisayar çipleri ve ilaçlar da dâhil olmak üzere Avrupa menşeli birçok ürünü karsıyor* (Жаңа салық мөлшерлемелері Еуропадан шыққан көптеген өнімдерді, соның ішінде автомобильдерді, компьютерлік чиптерді және дәрілерді қамтиды.) (*Sabah*, 29.07.2025)

Бастапқыда *bilgisayar* сөзі түрік тіліне *komputer* түрінде еніп, «есептеуіш, ақпаратты өңдеуші» деген мағынада жұмсалды. Алайда 1970 жылдары инженер, лингвист, профессор Айдын Көксал *bilgi* (ақпарат) және *saymak* (санау) деген уәжі ап-анық екі сөзден тұратын жаңа атау ойлап тапты. Осылайша, уәжділігі әркімге таныс осы екі көне түрік сөзінің атауыштық мағынасы қазіргі түрік тілінің сөздік қорына берік орныққан ең сәтті терминдердің бірін жасауға мүмкіндік берді [31].

Өкінішке қарай, бұл өте өзекті әрі танымал термин қазақ тілінде әлі де өзінің бастапқы түпнұсқа түрінде қолданылып жүр. Аталған жайт түрік терминологтарының халықаралық кеңістікте терминдерді енгізу мен орнықтырудағы жүйелі әрі нәтижелі жұмысын айғақтайды.

«Принтер» сөзінің орнына – *yazıcı*; *Kimlikleri renkli yazıcı kullanarak yaptığını, yanında taşıdığı mermileri şarjörde ağırlık olsun diye taşıdığını herhangi bir olayda kullanmadığını iddia etti* (Ол түрлі-түсті *принтермен* жеке куәліктер жасадым, дүкенде салмақ түсіретін патрондарды алып жүрдім және оларды ешбір жағдайда қолданған емеспін деп мәлімдеді).

Бұл сөз *yaz* (жазу) сөзінен және іс-әрекет құралын немесе іс-әрекет субъектісін көрсететін *-ıcı* жұрнағынан шыққан. *Yazıcı* терминін техникалық салада қолдану қарапайым тіл иелменінің технологияны түсінуін жеңілдетеді. «Принтер» сөзі күрделі әрі оғаш болып көрінуі мүмкін, өйткені ағылшын тілін білуді қажет етеді. Мысалы, тіл иелмені *yazıcı* сөзін принтердің қызметін дәл көрсететін ақпаратты жазу үдерісімен бірден байланыстыра қояды. Бұл тіл мен технологияны танымдық қабылдау арасындағы байланысты нығайта түсетіні анық.

«Селфи» сөзінің орнына – *özçekim*; *Öğrencilerle özçekim yapan Bayraktar, çektiği fotoğrafı kurduğu sosyal medya platformu Next Sosyal'de "Anlık-Snap TercihFest" notuyla paylaştı* (Студенттермен *селфи* жасаған Байрактар түсірген суретімен өзі құрған Next Social

әлеуметтік медиа платформасында «Instant-Snap ChoiceFest» белгісін қойып бөлісті.) (Sabah, 27.07.2025)

Бұл атау *öz* (өзін, жеке) және *çekim* (түсіру, жазу) деген екі сөзден тұрады. Сөзбе-сөз *өзін-өзі түсіру* немесе *өзтүсірілім* түрінде аударылады. Көріп отырғанымыздай, бұл термин ағылшынның «selfie» сөзімен таңбаланатын іс-әрекеттің мән-мағынасын когнитивтік тұрғыдан дәл беріп тұр.

Түрік тілін тазартудың қатаң саясаты оның бірегейлігі мен тәуелсіздігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Заманауи әлемде тіл жаһандану мәселелеріне тап болғанымен, тазарту саясаты ұлттық мәдени мұраны қорғау мен бірегейлікті нығайтудың маңызды құралы болып қала бермек. Түркия тәжірибесі өзіндік болмысын сақтауға тырысатын басқа түркі тілдері үшін үлгі екендігі анық.

Сонымен, түркі тілдерінде кірме сөздерді бейімдеудің жалпы когнитивтік стратегиялары бар, бірақ оларды жүзеге асыру тіл саясатының деңгейіне, мәдени бірегейлік пен тіл иелмендерінің когнитивтік стратегияларына байланысты. Бұл арада қазақ және түрік тілдері ұлттық терминдерді белсенді қалыптастыру үлгісін көрсетіп отырғанын атап өткен жөн. Түрік тілінің тәжірибесі көрсеткендей, дәйекті терминологиялық саясат кірме сөздерді қабылдауға деген тәуелділікті айтарлықтай төмендетеді, ал қазақ тілі дәстүрлі және заманауи тәсілдерді ойдағыдай ұштастырып отыр. Жалпы алғанда, түркі тілдеріндегі тілдік бейімделу – ұлттық бірегейлікті сақтап, тілдік жүйенің дамуына әсер ететін аса күрделі, бірақ маңызды үдеріс.

Жаңа терминжасам стратегиялары бойынша да әр тілдің мәдени және танымдық ұқсастықтары негізінде тіл иелмендері оңай қабылдайтын жаңа атаулар жасалуда. Мәселен, қазақ тілінде дәстүрлі мәдени түсініктер мен табиғатпен аастастырылған метафоралық бейнелер терминжасамда кеңінен қолданылады, ал түрік тілінде өзге мәдениеттерге түсінікті әмбебап ұғымдарға негізделген терминдерді жасау үрдісі басым.

1-кесте – Орыс, қазақ және түрік тілдеріндегі терминдерді кросс-лингвистикалық салғастыру

орысша	қазақша	түрікше
1	2	3
база данных	дерекқор	veritaban
наказ	аманат	emir
виртуальный	виртуал	sanal
мораль	ахлақ	ahlâk
социум	әлеумет	toplum
балласт	батпан	yük
рапорт	баянат	rapor
базарком	базарқан	pazar sorumlusu
дочерняя	енишiлес	bağlı
гашиш	елтiмпе	esrar
библиография	библиография	kaynakça
эпопея	дәуiрнама	destan
соревнование	дода	yarışma
полуфабрикат	дүмбiл өнiм	yarı mamul
мирская беседа	дүниязуи әңгiме	dünyevi sohbet
метис	дүрегей	melez
община, публика	жамағат	cemaat, topluluk
камикадзе	камикадзе	kamikaze

1-кестенің жалғасы

1	2	3
шедевр	жауһар	başyapıt
экспонат	жәдігер	sergilenen eşya
светский	зайырлы	laik
банкет	зияпат	ziyafet
паломничество	зиярат	hac
интеллект	зият	zeka
исламизм	исламият	İslamcılık
кабала	кіріптарлық	kabala
портфель	портфель	çanta
футляр	құндақ	kılıf
купальник	лыта	mayo
инвентарь	мүкәммәл	donanım
гвардия	ұлан	muhafız birliği
команда	пәрмен	takım
консенсус, фетва	пәтуа	mutabakat, fetva
обсерватория	расытхана	gözlemevi
балдахин	саябан	gölgelek
питомник	тәлімбақ	fidanlık
притча	тәмсіл	kıssa

Кестеде баламалары табылмаған сөздер қою қаріппен көрсетілген. Енді талдау жүргізу үшін кестеде келтірілген кейбір терминдерді жақынырақ қарастырайық. Бұл терминдер – *дерекқор* (қазақша) және *veritaban* (түрікше). Бұлар орыс тіліндегі «база данных» терминінің баламалары және екі тілде де белсенді қолданылуда. Бұлардың танымдық ерекшеліктерін әр тілдің лексикалық және мәдени ерекшелігі тұрғысынан қарастыру маңызды. Сол мақсатта терминдердің мәдени-тілдік ерекшеліктер мен концептуалдық құрылымды қалай бейнелейтініне және кірме сөздердің қабылдану, бейімделу жолдарына назар аударамыз.

Қазақша термин – *дерекқор*. Орысша аудармасы – база данных. Мысалы: ҰЕҰ *дерекқорында* болу ұйымдарға ҰЕҰ-ның табысты жобаларымен танысуға, тәжірибе алмасуға, ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға мүмкіндік береді. (<https://egemen.kz/article/302719-ueu-derekqoryna-malimetter-tapsyru-dgurip-dgatytr>). Лексикалық құрамы: *дерек* – «деректер» + *қор* – «қойма, жүйе». «Қазақ сөздігіне» сәйкес: «*Дерекқор* – ұзақ уақыт сақтауға, өңдеуге және күнделікті пайдалануға арналған деректердің (ақпараттың) реттелген жиынтығы» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н. Әшімбаева, Қ. Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.).

Когнитивтік құрылымы: қазақ термині деректерді сақтау орны немесе деректер жүйесі туралы түсінікті айқын білдіреді. *Қор* (жүйе, сақтау) сөзін қолдану қазақ мәдениетінде, әсіресе мұрағаттарда, кітапханаларда ақпаратты дәстүрлі сақтау контексінде маңызды болып табылатын сақтау концептісімен байланысты. «Қазақ сөздігіне» сәйкес: *қор* – 1. Мол болып жиналған қазына, дәулет; 2. Әлі игеріле қоймаған табиғи байлық; 3. Мемлекеттің, кәсіпорынның белгілі бір мақсатқа арналған ақша қаражаты немесе материалдық құндылықтары (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.).

Қор сөзін қолданудың түп-төркіні (жүйе, қойма) сенімділік пен төзімділікке баса назар аударылатын білімдерді сақтау мен жүйелеудің дәстүрлі түсінігінде болуы мүмкін.

Түрік термині – *veritaban*. Лексикалық құрамы: *veri* (деректер) + *taban* (негіз, база). Мысалы: Güvenlik araştırmacıları, çevrimiçi ortamda korunmasız bırakılan ve milyonlarca kişisel veriyi içeren bir *veritabanı* keşfetti (Қайыпсіздік зерттеушілері желіде қорғалмаған миллиондаған жеке деректерден тұратын дерекқорды тапты) (Sabah, 07.12.2019)

Когнитивтік құрылымы: түрік тіліндегі *veritaban* терминінде *табан* (негіз) сөзін қолдану нәтижесінде абстракт тәсіл мейлінше айқын байқалады, ол деректердің құрылымдық және іргелі аспектісін көрсетеді. Бұл ақпараттық жүйенің басқа да алуан түрлі элементтері құрылатын негіз ретінде деректердің берілуін нақтылай түседі.

Дене мүшелерін (соматизмдерді) білдіретін лексемалар негізінде жаңа терминдер жасау – түркі тілдеріндегі сөзжасамның ең өнімді әрі табиғи тәсілдерінің бірі. Бұл үдеріс мағыналардың метафоралық және метонимиялық ауысуына сүйенеді, бұл тіл иелмендері қабылдаған жаңа терминдердің семантикалық анықтығы мен қолданымдық ыңғайына ықпал етеді.

Бұл жағдайда *taban* сөзі шын мәнінде де *табан* деп аударылады. Бұл құбылыс негізінде когнитивті лингвистика концепциясы жатыр, демек ондағы пікірлер бойынша адам денесі қоршаған шындықты түсінудің негізгі когнитивтік үлгілердің бірі ретінде қызмет етеді [32].

Дене мүшелері көбінесе абстрактілі ұғымдарға, кеңістіктік сипаттамаларға және әлеуметтік категорияларға атау беру үшін жиі қолданылады. Бұл құбылысты кезінде көрнекті қазақ түркітанушысы, профессор Қ. Жұбанов жан-жақты зерттеп, оның түркі тілдерінің дамуы мен эволюциясындағы маңыздылығын атап көрсеткен [33].

Мәдени ерекшелігі: түрік термині батыстық (әсіресе ағылшын тіліндегі) концепциялардың ықпалын көрсетеді, мұндағы мәліметтер болашақ операциялар мен шешімдердің негізі ретінде қарастырылады. Бұл сонымен қатар әртүрлі, оның ішінде цифрландыру үдерістерінің өзегі ретінде қабылданатын *негіздер* ұғымымен де байланысты.

Салыстырмалы талдау: жоғарыда аталған екі термин (*дерекқор* (қазақша), *veritaban* (түрікше)) деректер базасы, ақпараттар сақталатын жер тәрізді өзара ұқсас концептуалдық категорияны көрсетеді.

Дегенмен, бұл терминдердің танымдық құрылымдарында түрлі сипаттамалар көрініс табады. Мысалы, қазақ тіліндегі термин физикалық аспектіні негізге алып, «сақтау» мағынасына басымдық береді, ал түрік тіліндегі баламасы абстрактілі «негіз» ұғымына сүйене отырып, неғұрлым әмбебап тәсілді білдіреді.

Бейімдеудің когнитивтік стратегиялары:

- қазақ тілі нақты әрі шынайы нысандармен (сақтау, жүйе) байланысты концептілерді пайдаланады, бұл шынайы әлеммен мәдени және танымдық астарластықты сақтауға септігін тигізеді;

- түрік тілі абстрактілік пен әмбебаптандыруға бағытталған, бұл – тіл саясаты мен ақпараттық технологиялардың жаһандық үрдістеріне сәйкес үдеріс.

Көріп отырғанымыздай, қазақ тілі физикалық құрамдас бөлікке баса назар аударса, түрік тілі абстрактілік пен әмбебаптықты негізге алады.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген мысалдарға сүйене отырып, қазақ тілі дәстүр мен кірме сөздер арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысса, түрік тілі белсенді түрде төл терминдерді жасайды деген қорытынды жасауға болады. Осылайша, зерттеу нәтижелері жаңа сөздерді бейімдеудің когнитивтік стратегиялары мәдени және тарихи мәнмәтінге байланысты өзгертінін көрсетті. Жаңа терминдердің түркі тілдерінде бейімделуі лексикалық құрамда айқын көрінетін бірегей мәдени қасиеттерді сақтау қажеттілігімен байланысты екенін атап өткен жөн.

Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа сөздерді қолданудың танымдық негіздерін зерттеу нәтижесінде әр тілдің жаңа терминдерді бейімдеуде өзіне тән мәдени, тарихи және әлеуметтік ерекшеліктерге сүйенетіні анықталды. Аталмыш тілдерден алынған мысалдар негізінде жаһандану, технологиялық прогресс және тіл саясаты сынды экстралингвистикалық факторлардың тілдегі когнитивтік және лингвистикалық үдерістерге қалай әсер ететіні айқындалды.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары:

- Қазақ және түрік тілдерінің жаңа сөздерді қабылдау мен бейімдеу үдерістерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екендігі анық көрінеді. Түрік тілі тіл саясатындағы ұлтшылдық көзқарасқа байланысты өзіндік бірегейлікке ұмтылады, кірме сөздерді қабылдаудан алшақ болуға тырысады және төл терминдерін жасайды. Қазақ тілінде, керісінше, орыс және ағылшын тілдерінен енген кірме сөздер кеңінен тараған, дегенмен тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық тіл саясаты қазақша баламаларды жасауға баса көңіл бөліп отырғандығын атап өткен жөн.

- Екі тілдің жаңа терминдерді бейімдеу және терминжасам үдерістерінде елеулі ерекшеліктер бар. Қазақ тілінде табиғат және салт-дәстүрмен мәдени астарластықты сақтауға деген ұмтылыс байқалады. Түрік тілі терминдердің халықаралықтануы мен әмбебаптығына ықпал ететін дерексіз әрі бейтарап концептілерді таңдайды.

- Жаһандану әсерімен қазақ және түрік тілдері халықаралық стандарттарға сай болуға ұмтылады, бірақ әр тіл мұны өзіндік тәсілдермен іске асырады. Түрік тілі лингвистикалық тәуелсіздігін сақтайды, ал қазақ тілі болса орыс және ағылшын тілдерінен кірме сөздер қабылдауға бейім. Дегенмен, қазақ тілі ұлттық бірегейлікті сақтауға бейілділігін көрсету мақсатында кірме сөздер мен төл терминдер арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылады.

- Зерттеліп отырған тілдер тіл арқылы когнитивті үдерістердің мәдени бірегейлікті сақтаудағы маңыздылығын көрсетіп, жаңа ұғымдарды бірегей мәдени ерекшеліктер мен салт-дәстүрлер сақталатындай етіп бейімдеуге ұмтылады.

Болашақта жүргізілетін зерттеулер жаһандық және өңірлік факторлардың әсерінен пайда болатын басқа да түркі тілдеріндегі жаңа қолданыстардың танымдық негіздерін өзара салыстырып, жан-жақты зерделеуге бағытталады.

Мақала AP19679140 ««Түркі әлемінің» қазақ және түрік тілдеріндегі лингвокогнитивтік негіздері мен терминдену үдерістерін салыстырмалы зерттеу» атты гранттық зерттеу аясында дайындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Doszhan G., Gauriyeva G. Problems of vitality of the Turkic languages in the age of globalisation // New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences. – 2019 [Online]. – №6(5). – P. 092–098. [Electronic resource]. URL: www.prosoc.eu (қаралған күні 16.06.2025)
2. Akalın Ş.H., Kumanlı M.S. Turkic Borrowings in the Turkish Language Reform: Past and Today // Bilig. – 2021. – Issue: 98. – P. 165–180. <https://dergipark.org.tr/en/pub/bilig/issue/54019/975941>
3. Оразалиева Э.Н. Түркі тілдерін зерттеудің танымдық және диалектикалық ұстанымдары // Turkic Studies Journal. – 2020. – Vol. 2, N4. – Б. 47–57. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-4-47-58>
4. Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка. – М.: ЛКИ, 2009. – 312 с.
5. Уфимцева А.А. Опыт изучения лексики как системы. – М.: АН СССР, 1962. – 288 с.
6. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию: Уч. пос. – М.: Наследие, 1997. – 208 с.
7. Попова Т.В. Русская неология и неография. – Екатеринбург: УГТУ-УПИ, 2005. – 96 с.
8. Котелова Н.З. Теоретические аспекты лексикографического описания неологизмов. – М.: Энциклопедия, 1988. – 275 с.

9. Заботкина В.И. Когнитивно-прагматический подход к неологии // Когнитивно-прагматические аспекты лингвистических исследований: Сб. науч. тр. – Калининград: КГУ, 1999. – С. 3–9
10. Тогоева С.И. Современная лексикография и новые единицы номинации. – М.: Академия, 2007. – 147 с.
11. Вежбицкая А. Язык, культура, познание. – М.: Русские словари, 1997. – 416 с.
12. Телия В.Н. Когнитивный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 143 с.
13. Кубрякова Е.С. О когнитивной лингвистике и семантике термина «когнитивный» // Вестник Воронежского Гос. Унив. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2001. – №1. – С. 4–10.
14. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
15. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
16. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
17. Гиздатов Г.Г. Когнитивные модели в речевой деятельности. – Алматы: Ғылым, 1997. – 178 с.
18. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2001. – №4. – Б. 39–43.
19. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
20. Есеналиева Ж.Ж. Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың бағыт-бағдары // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2013. – №2(63). – Б. 74–78.
21. Қасым Б. Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам. – Алматы: «ЖК Волкова Е.В.», 2005. – 300 б.
22. Айдарбек Қ.Ж. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.
23. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2006. – 161 б.
24. Korkmaz Z. Kitle iletişim araçlarında Türkçe // Türkçenin dün bugünü, yarını. Uluslararası bilgi şöleni. Bildiriler. – 2002. – S. 45–59.
25. Tekin T. Türk Dilleri: Giriş. – Ankara: Bilgesu Yayıncılık, 2018. – 224 s.
26. Zülfikar H. Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları. – Ankara: TDK Yayınları, 1991. – 256 s.
27. Ercilasun A. Tarihi Akışı İçinde ve Cumhuriyet Döneminde Türk Dili // BAL-TAM Türklük Dergisi. – 2004. – №1(17). – S. 11–23.
28. Eker S. Türk Dil Bilimi Bakımından Tarihi Askerî Terminoloji. Modern Dönemde Rütbe ve Birlik Adları. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2007. – 255 s.
29. Арынбаева Д.Ж., Халикова Н.С., Құрбанов А.Г. Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 224–237.
30. Lewis Geoffrey L. The Turkish Language Reform: A Catastrophic Success. – New York: Oxford University Press, 1999. – 190 p.
31. Köksal A. Adı Bilgisayar Olsun. – İstanbul: Cumhuriyet Kitapları, 2010. – 504 s.
32. Honglin Zhou, Xiaoyang Luo. Embodied-Cognitive Linguistics: Integrating Marxist perspectives on contemporary Cognitive Linguistics theory // Frontiers in Psychology. – 2024. – №15. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1475196>
33. Жубанов К. Исследования по казахскому языку. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 с.

REFERENCES

1. Doszhan G., Gauriyeva G. Problems of vitality of the Turkic languages in the age of globalisation // New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences. – 2019 [Online]. – №6(5). – P. 092–098. [Electronic resource]. URL: www.prosoc.eu (date of access 16.06.2025)
2. Akalın Ş.H., Kumanlı M.S. Turkic Borrowings in the Turkish Language Reform: Past and Today // Bilig. – 2021. – Issue: 98. – P. 165–180. <https://dergipark.org.tr/en/pub/bilig/issue/54019/975941>

3. Orazalieva E.N. Turki tilderin zertteudin tanymdyq zhane dialektikalyq ustanymdary [Cognitive and dialectical principles of the study of Turkic languages] // *Turkic Studies Journal*. – 2020. – Vol. 2, N4. – B. 47–57. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-4-47-58> [in Kazakh]
4. Shanski N.M. Leksikologia sovremennogo russkogo iazyka [Lexicology of the modern Russian language]. – M.: LKI, 2009. – 312 s. [in Russian]
5. Ufimceva A.A. Opyt izucheniya leksiki kak sistemy [The experience of learning vocabulary as a system]. – M.: AN SSSR, 1962. – 288 s. [in Russian]
6. Maslova V.A. Vvedenie v lingvokulturologiu: Uch. pos. [Introduction to Cultural Linguistics: A textbook] – M.: Nasledie, 1997. – 208 s. [in Russian]
7. Popova T.V. Russkaia neologia i neografia [Russian Neology and Neography]. – Ekaterinburg: UGTU-UI, 2005. – 96 s. [in Russian]
8. Kotelova N.Z. Teoreticheskie aspekty leksikograficheskogo opisaniya neologizmov [Theoretical aspects of lexicographic description of neologisms]. – M.: Enciklopedia, 1988. – 275 s. [in Russian]
9. Zabotkina V.I. Kognitivno-pragmaticheski podhod k neologii [A cognitive-pragmatic approach to neology] // *Kognitivno-pragmaticheskie aspekty lingvisticheskikh issledovaniy: Sb. nauch. tr.* – Kaliningrad: KGU, 1999. – S. 3–9. [in Russian]
10. Togoeva S.I. Sovremennaya leksikografia i novye edinitsy nominatsii [Modern lexicography and new units of nomination]. – M.: Akademia, 2007. – 147 s. [in Russian]
11. Vezhbickaia A. Iazyk, kultura, poznanie [Language, culture, cognition]. – M.: Russkie slovari, 1997. – 416 s. [in Russian]
12. Telia V.N. Kognitivnyi aspekt semantiki nominativnykh edinic [The cognitive aspect of the semantics of nominative units]. – M.: Nauka, 1986. – 143 s. [in Russian]
13. Kubriakova E.S. O kognitivnoi lingvistike i semantike termina «kognitivnyi» [On cognitive linguistics and the semantics of the term “cognitive”] // *Vestnik Voronezhskogo Gos. Univ. Seriya: Lingvistika i mezhkulturaia kommunikatsiya*. – 2001. – №1. – S. 4–10. [in Russian]
14. Qaidar A. Qazaq terminologiasyna zhanasha kozqaras [A new approach to Kazakh terminology]. – Almaty: Rauan, 1993. – 43 b. [in Kazakh]
15. Syzdyq R. Qazaq tilindegi eskilikter men zhanalyqtar [Old and new in the Kazakh language]. – Almaty: Arys, 2009. – 272 b. [in Kazakh]
16. Aitbaev O. Qazaq sozi [Kazakh speech]. – Almaty: Rauan, 1997. – 240 b. [in Kazakh]
17. Gizdatov G.G. Kognitivnye modeli v rechevoi deiatelnosti [Cognitive models in speech activity]. – Almaty: Gylym, 1997. – 178 s. [in Russian]
18. Mankeeva Zh.A. Qazaq tilin zertteudin kognitivtik negizderi [Cognitive foundations of the study of the Kazakh language] // *Tiltanym*. – 2001. – №4. – B. 39–43. [in Kazakh]
19. Zhamanbaeva Q.A. Til qoldanysynyn kognitivtik negizderi: emocia, simvol, tildik sana [Cognitive foundations of language use: emotion, symbol, language consciousness]. – Almaty: Gylym, 1998. – 140 b. [in Kazakh]
20. Esenalieva Zh.Zh. Qazaqstandagy kognitivtik lingvistikany bagyt-bagdary [Directions of cognitive linguistics in Kazakhstan] // *QazUU habarshysy. Shygystanu seriasy*. – 2013. – №2(63). – B. 74–78. [in Kazakh]
21. Qasym B. Metaforaly atalymdar: kognitivti-semantikalyq sozhasam [Metaphorical names: cognitive-semantic word formation]. – Almaty: «ZhK Volkova E.V.», 2005. – 300 b. [in Kazakh]
22. Aidarbek Q.Zh. Qazaq terminologialyq atalymynyn onomasiologialyq negizderi [Onomasiological basis of the Kazakh terminological category]. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2010. – 384 b. [in Kazakh]
23. Aitova N.N. Qazaq tilindegi tur-tus ataularynyn kognitivtik semantikasi: oqu quraly [Cognitive semantics of color names in the Kazakh language: manual]. – Aqtobe: Q.Zhubanov atyndagy Aqtobe memlekettik universiteti, 2006. – 161 b. [in Kazakh]
24. Korkmaz Z. Kitle iletisim araclarında Türkçe [Turkish in mass media] // *Türkçenin dün bugünü, yarını. Uluslararası bilgi şöleni. Bildiriler*. – 2002. – S. 45–59. [in Turkish]
25. Tekin T. Türk Dilleri: Giriş [Turkish Languages: Introduction]. – Ankara: Bilgesu Yayıncılık, 2018. – 224 s. [in Turkish]

26. Zülfikar H. Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları [Term Problems and Ways of Making Terms]. – Ankara: TDK Yayınları, 1991. – 256 s. [in Turkish]
27. Ercilasun A. Tarihi Akışı İçinde ve Cumhuriyet Döneminde Türk Dili [The Turkish Language in its Historical Flow and during the Republican Period] // BAL-TAM Türklük Dergisi. – 2004. – №1(17). – S. 11–23. [in Turkish]
28. Eker S. Türk Dil Bilimi Bakımından Tarihi Askerî Terminoloji. Modern Dönemde Rütbe ve Birlik Adları [Historical Military Terminology in Terms of Turkish Linguistics. Rank and Unit Names in the Modern Period]. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2007. – 255 s. [in Turkish]
29. Arynbaeva D.Zh., Halikova N.S., Qurbanov A.G. Qazaq zhane turik tilderindegi frazeologizmderdin etnolingvistikalyq sipaty [Ethnolinguistic nature of phraseology in Kazakh and Turkish languages] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №1 (135). – B. 224–237. [in Kazakh]
30. Lewis Geoffrey L. The Turkish Language Reform: A Catastrophic Success. – New York: Oxford University Press, 1999. – 190 p.
31. Köksal A. Adı Bilgisayar Olsun [Let His Name Be a Computer]. – İstanbul: Cumhuriyet Kitapları, 2010. – 504 s. [in Turkish]
32. Honglin Zhou, Xiaoyang Luo. Embodied-Cognitive Linguistics: Integrating Marxist perspectives on contemporary Cognitive Linguistics theory // Frontiers in Psychology. – 2024. – №15. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1475196>
33. Zhubanov K. Issledovania po kazahskomu iazyku [Research on the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1966. – 362 s. [in Russian]